

## Анықтама

2025 жылғы 24 қыркүйек күні Жастар ресурстық орталық базасында «Оқушылар арасында пікірсайыс турнирі» атты облыстық байқауының аудандық кезеңі өткізілді. Турнир мақсаты – білім беретін мектеп оқушыларының мәдени ой-өрісін кеңейту, шешендік сөйлеу дағдыларын және сендіру әдістерін дамыту, коммуникативтік біліктіліктерін дамыту. Аталған турнирдің аудандық кезеңіне мектебіміздің «Зияткер» дебат клубының мүшелері Маратқызы Илсина 10 сынып, Алтай Айзада 10 сынып, Елеу Жанаргүл 9 сынып оқушылары қатысты. Дебат турнирі дүниежүзілік мектеп форматында (WSDC) ұйымдастырылды. Алдын ала берілген қарарлар бойынша дебат ережесіне сай дайындық жүргізілді. Нәтижесінде «Зияткер» дебат клубы мүшелері қазылар алқасының шешімімен жүлделі бірінші орнынды иеленді. Жеңімпаздар арнайы диплом, медаль, кубокпен марапатталды. Сонымен қатар жеңімпаз топқа «Жастар ресурстық орталығының» арнайы 50 000 ақшалай сыйлығы табысталды. «Зияткер» дебат клубы мүшелері «Оқушылар арасында пікірсайыс турнирі» атты байқаудың облыстық кезеңіне жолдама алды.

<https://www.instagram.com/reel/DSJotMzjF65/?igsh=MXRucmtnY24zOGQ>



уNQ==

«Зияткер» дебат клуб жетекшісі:

Салменова Гулфара Кубашевна